



TAZA ÁLEM
birgemiz

СБОРНИК УСПЕШНЫХ КЕЙСОВ

рамках реализации малых грантов общенационального проекта «**BIRGEMIZ: TAZA ÁLEM**» по защите окружающей среды, очистке рек и лесов, посадке деревьев, обучению сортировке мусора

При поддержке: _____



CISC
Civil Initiatives Support Center



QAZAQSTAN RESPUBLİKASYNYN
AQPARAT JÄNE QOĞAMDYQ DAMU MİNİSTRİLİGİ



До:



После:



Арт-объект "Цветы из пластика"

JANA BEINE

Как решить экологические проблемы? Как объяснить населению о важности этой темы? Какие простейшие пути решения этих проблем существуют? Эти и другие вопросы затрагивает проект **JANA BEINE**.

С помощью волонтеров **город Тараз** может очиститься от различных видов мусора: начиная от пластиковых бутылок и заканчивая стеклом. Затем этот мусор магическим образом превращается во вторсырье. Все то, что могло отправиться на полигон становится тематической декорацией в различных муниципальных учреждениях.

Риск проекта заключается в низком количестве материалов. Разработчики проекта планируют вести активную работу с волонтерами для решения данной проблемы.

Предположительные результаты проекта: найдено решение многих экологических проблем современности и понимание населения о необходимости сортировки отходов с целью дальнейшего использования.




Экологиялық проблемаларды қалай шешуге болады? Бұл тақырыптың маңыздылығын адамдарға қалай түсіндіруге болады? Бұл проблемаларды шешудің қандай қарапайым жолдары бар? Осы және басқа да мәселелерді **JANA BEINE** жобасы қозғайды.

Волонтерлердің көмегімен **Тараз қаласы** пластикалық бөтелкелерден бастап әйнекке дейін әртүрлі қоқыстардан тазара алады. Кейін бұл қоқыстарды өңдеп қайталама шикізатқа айналдыруға болады. Полигонға жөнелтілетіннің бәрі әртүрлі муниципалдық мекемелерде тақырыптық декорацияға айналады.

Жобаның негізгі қаупі материалдардың аздығында болып отыр. Дегенмен, жобаны әзірлеушілер бұл проблеманы шешу үшін волонтерлермен белсенді жұмыс жүргізуді жоспарлайды.

Жобаның болжамды нәтижелері: қазіргі заманның көптеген экологиялық проблемаларының шешімі табылды және болашақта пайдалану үшін қалдықтарды сұрыптау қажеттілігі туралы халықтың түсінігі қалыптасты.

Арт-объекты из переработанного стекла





«НОВАЯ ЖИЗНЬ СТАРЫМ ВЕЩАМ»

Есть люди, которые очень любят новые наряды, есть люди, которые переживают за ресурсы. Проект **«НОВАЯ ЖИЗНЬ СТАРЫМ ВЕЩАМ»** поможет и тем, и другим. Это проект по созданию швейной мастерской на дому, направленной на выполнение коммерческих заказов по пошиву производственных товаров из текстильных вещей бывших в употреблении. В стране нет системы утилизации подобных отходов. Между тем ненужная одежда и текстиль являются ценным ресурсом, который можно переработать. Помимо экологического аспекта, данный проект подразумевает создание новых рабочих мест.

Риски проекта: низкая заинтересованность населения. Чтобы снизить риски, необходимо проводить разъяснительные беседы с жителями села, о необходимости беречь природу и использовать многоразовые продуктовые сумки, вместо одноразовых пакетов.




В случае успешной реализации проекта повысится производство вещей вторичного пользования и появится альтернатива более экологичной утилизации текстиля в **селе Аксукент Сайрамского района Туркестанской области**.

«ЕСКИ ЗАТТЫҢ ЖАҢА ӨМІРІ»

Кейбір адамдар жаңа киімдер сатып алғанды өте жақсы көреді, ал кейбіреулер қаржылық жағдайына алаңдаушық білдіреді. **«ЕСКИ ЗАТТЫҢ ЖАҢА ӨМІРІ»** жобасы аталып өткен адамдардың екі санатына да көмектесе алады. Бұл жоба бұрын қолданылған тоқыма бұйымдарынан өндірістік тауарларды тігу бойынша коммерциялық тапсырыстарды орындауға бағытталған үй жағдайында тігін шеберханасын ашуды көздейді. Елде мұндай қалдықтарды кәдеге жаратудың жүйесі жоқ. Сонымен қатар, қажетсіз киімдер мен тоқыма бұйымдары қайта өңдеуге болатын құнды ресурстар қатарына жатады. Аталып отырған жоба экологиялық проблеманың шешу жолын ұсынумен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашуды да қарастырып отыр.

Жобаның қаупі: халықтың қызығушылығының төмендігі. Қауіптерді азайту үшін ауыл тұрғындарымен табиғатты қорғау және бір реттік пакеттердің орнына қайта пайдалануға болатын азық-түлік сөмкелерін пайдалану қажеттілігі туралы түсіндіру әңгімелерін жүргізу қажет.

Жобаны сәтті іске асырған жағдайда қайталама пайдаланылатын заттар өндірісі артады және **Түркістан облысы Сайрам ауданы Аксукент ауылында** тоқыма бұйымдарын неғұрлым экологиялық тұрғыда кәдеге жаратудың балама жолы пайда болады.





«ЭКОАУЛ – ИСТОЧНИК ЭТНОЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ»

«ЭКОАУЫЛ – ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ КӨЗІ»

Какие пути донесения информации до людей существуют? Одним из самых приятных и незабываемых вариантов являются фестивали. В рамках этого проекта планируется полномасштабные мероприятия, которые затронут почти каждого жителя села **Ынтымак Жанааркинского района Улытауской области**. Для привлечения внимания к экологическим проблемам будут проводиться различные мероприятия: тренинги, семинары, вебинары, акции, ярмарки, субботники.



Риском этого проекта может быть нестабильная ситуация, связанной с COVID-19, и все мероприятия могут уйти в онлайн-формат. Организаторы продумали сценарий и на этот формат.

Данный проект даст хороший опыт молодежи для самореализации. Через этот проект люди познакомятся с публичными личностями, предпринимателями, государственными служащими, и т.д. в дальнейшем после завершения финансирования данный проект будет подан в ресурсный центр молодежи. Этот проект может быть реализован и в других сельских округах района.

Адамдарға ақпаратты жеткізудің қандай жолдары бар? Оның ең қолайлы және есте қаларлық жолдардың бірі - фестивальдер ұйымдастыру. Осы жобаның аясында **Ұлытау облысы Жаңаарқа ауданы Ынтымақ ауылының** әрбір тұрғынына жағымды әсер ететін ауқымды іс-шаралар жоспарлануда. Экологиялық проблемаларға назар аудару үшін: тренингер, семинарлар, вебинарлар, акциялар, жәрмеңкелер, сенбіліктер сияқты түрлі іс-шаралар өткізілетін болады.


Бұл жобаның қаупі еліміздегі COVID-19-ға қатысты тұрақсыз жағдайдың болуы және барлық іс-шаралар онлайн форматта өтуі мүмкін. Ұйымдастырушылар осындай форматта іс-шараларды өткізуге арнайы сценарий әзірлеп қойды.

Аталмыш жоба жастардың өз қабілеттерін көрсетіп, жүзеге асыруына көмектеседі, болашаққа өмірлік тәжірибе береді. Осы жоба арқылы адамдар жария тұлғалармен, кәсіпкерлермен, мемлекеттік қызметшілермен және т. б. танысады. Кейін қаржыландыру аяқталған соң бұл жоба Жастар ресурстық орталығына беріледі. Жоба ауданның басқа ауылдық округтерінде де жүзеге асырылуы мүмкін.





TAZALYQ – TABALDYRYQTAN BASTALADY



Современные субботники – это не только массовая уборка ранним утром в выходной, это еще и возможность само образоваться, очистить территорию и заняться спортом одновременно. И в этом поможет проект **TAZALYQ – TABALDYRYQTAN BASTALADY** города Караганда. В рамках проекта планируется проведение тренингов по основам сортировки отходов, экологического субботника на побережье реки Нура с сортировкой отходов на месте, а также плогинга с участниками команды легкоатлетов города.

Plogging — это забег на определенную дистанцию, совмещённый со сбором разного, в основном пластикового мусора. Этот вид спорта, пришедший к нам из Скандинавских стран, помогает поддерживать себя в форме и заботиться об окружающей среде.

Проект устойчив тем, что после работ по очистке территории города, жители обязательно обратят на это внимание и благодаря данной деятельности будут привлечены новые партнеры и дополнительное спонсирование.

Заманауи сенбілік жұмыстары - бұл демалыс күндері таңертең жаппай тазалау жүргізу ғана емес, сонымен қатар өзін-өзі қалыптастыру, аумақты тазарту және бір уақытта спортпен шұғылдану мүмкіндігі. Бұған **Қарағанды қаласының «TAZALYQ – TABALDYRYQTAN BASTALADY»** жобасы көмектесе алады. Жоба аясында қалдықтарды сұрыптау негіздері бойынша тренингтер, жергілікті жерде қалдықтарды сұрыптай отырып, Нұра өзенінің жағалауындағы экологиялық сенбілік, сондай-ақ қаланың жеңіл атлеттер командасының қатысушыларымен плогинг өткізу жоспарланып отыр.


Plogging — бұл әртүрлі қоқыстарды, негізінен пластикалық қоқыстарды жинаумен біріктірілген белгілі бір қашықтыққа жүгіру. Бізге Скандинавия елдерінен келген бұл спорт түрі дене шынықтыруға және қоршаған ортаға қамқорлық жасауға көмектеседі.

Жобаның маңыздылығы - қала аумағын тазарту бойынша жұмыстардан кейін тұрғындар бұған міндетті түрде назар аударып, осы қызметтің арқасында жаңа серіктестер мен қосымша демеушілер тартуға ықпалын тигізу.





ПРОЕКТ «АЯЛА»



Основной целью данного проекта является поддержка чистоты и благоустройства **Центра поддержки детей «Аяла»**. Но это не просто благотворительный проект, который поможет привести в порядок территорию центра. Это и образовательный проект, который поможет воспитанникам центра бережно относиться ко всему живому, что их будет окружать. Организаторы проекта планируют не просто разово провести акцию, высадить насаждения и передать все на баланс центра, а поддерживать благоустройство и дальше.

Данный проект поможет внести лепту в экологическое образование детей **города Актобе**, а также создать уютную атмосферу территории центра, где дети смогут проводить время. Стоит отметить, что организаторы проекта обеспечат центр всем необходимым инструментарием для работ.

«АЯЛА» ЖОБАСЫ

Бұл жобаның басты мақсаты **«Аяла» балаларды қолдау орталығының** тазалығы мен абаттандырылуын қолдау болып табылады. Бірақ бұл орталықтың аумағын ретке келтіруге көмектесетін қайырымдылық жобасы ғана емес. Бұл орталықтың тәрбиеленушілеріне қоршаған барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарауға көмектесетін білім беру жобасы. Жобаны ұйымдастырушылар көшеттер отырғызу акциясын бір рет өткізіп қана қоймай, барлығын орталықтың балансына тапсырып, абаттандыруды одан әрі қолдауды жоспарлап отыр.

Аталған жоба **Ақтөбе қаласында** тұратын балалардың экологиялық біліміне үлес қосуына, сондай-ақ балалар уақытын көңілді өткізе алатын орталық аумағының жайлы атмосферасын құруға септігін тигізеді. Ал жобаны ұйымдастырушылар орталықты жұмыс жасауға қажетті барлық құралдармен қамтамасыз ететінін атап өткен жөн.





GREEN TAL




Чем могут помочь волонтеры проекта **GREEN TAL**? В первую очередь – привести в порядок определенные части города Тараз. Но **GREEN TAL** – это не только субботники. Это еще и развитие ремесла и культуры.

В рамках проекта планируется ряд мероприятий, который объединит многих жителей города, в частности ремесленников. Будут шиться экосумки, изготовлены различные виды игрушки и поделки из дерева, проведение мастер-классов и фестиваля рукоделия.

Организаторы проекта планируют продолжить работу после окончания финансирования с партнерами. Также планируются выезды на зарубежные выставки и продажа изделий из дерева для поддержки проекта.

Единственным риском для реализации этого проекта может послужить лишь эпидемиологическая и чрезвычайная обстановка в стране и мире.



GREEN TAL жобасының волонтерлері қалай көмектесе алады? Ең алдымен - **Тараз қаласының** белгілі бір аумақтарын ретке келтіреді. Бірақ **GREEN TAL** - тек сенбілік өткізу шаралары ғана емес. Ол қолөнер мен мәдениетті дамуға ықпал ететін іс-шаралар.

Жобаның аясында қаланың көптеген тұрғындарын, атап айтқанда қолөнершілерді біріктіретін бірқатар іс-шаралар жоспарлануда. Эко сөмкелер тігіледі, ағаштан ойыншықтар мен қолөнердің алуан түрлері жасалады, шеберлік сыныптары мен қолөнер фестивалі ұйымдастырылады.

Жобаны ұйымдастырушылар серіктестермен қаржыландыру аяқталған соң да жұмысты жалғастыруды жоспарлап отыр. Сондай ақ, шетелдік көрмелерге бару және жобаны қолдау үшін ағаштан жасалған бұйымдарды сату жоспарлануда.

Бұл жобаны жүзеге асырудың бірден бір қаупі тек елімізде және әлемде орын алған эпидемиологиялық және төтенше жағдай болуы мүмкін.





«ФРУКТОВО-ЯГОДНЫЙ САД НА ШКОЛЬНОЙ ТЕРРИТОРИИ»

Учиться в школе, где во дворе растут яблоки и абрикосы – мечта для многих детей. У Станционной общеобразовательной школы в **Костанайской области** есть все шансы эту мечту реализовать. Задачей этого проекта является не только выращивание фруктово-ягодных деревьев на территории и использование не только для нужд школы, но и распространение плодов среди уязвимых слоев населения (пенсионеры, инвалиды, малообеспеченные семьи).

Данный проект принесет пользу учащимся школы, учителям, родителям, жителям села. Проект позволяет обеспечить школу полезными ягодами и фруктами, способствует улучшению экологической зоны вокруг школы, повышает интерес каждого ученика, родителей учителей по отношению к природе, уменьшает вред от выбросов котельной и выхлопных газов, при хорошем урожае фруктов и ягод в будущем распространение населению села может подвергнуться риску снижения цены на фрукты и ягоды в магазинах. Данный социальный проект среднесрочный, поэтому в дальнейшем будет реализовываться без денежных затрат.


Рисками данного проекта могут быть лишь погодные условия. Но эти проблемы решаемы посредством полива и внесения необходимых удобрений и минералов.

«МЕКТЕП АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЕМІС-ЖИДЕКТЕР БАҒЫ»

Ауласында алма мен өрік өсетін мектепте оқу - көптеген балалардың арманы. **Қостанай облысындағы** Станциялық жалпы білім беретін мектептің бұл арманды жүзеге асыруға барлық мүмкіндігі бар. Бұл жобаның міндеті аумақта жеміс-жидек ағаштарын өсіру және тек мектептің қажеттіліктері үшін пайдалану ғана емес, сонымен қатар халықтың осал топтарына (зейнеткерлер, мүгедектер, аз қамтылған отбасылар) жемістерді тарату болып табылады.

Аталған жоба мектеп оқушыларына, мұғалімдерге, ата-аналарға, ауыл тұрғындарына да пайда әкеледі. Жоба мектепті пайдалы табиғи жеміс-жидектермен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, мектептің айналасындағы экологиялық аймақты жақсартуға ықпал етеді, әр оқушының, мұғалімдердің, ата-аналардың табиғатқа деген қызығушылығын арттырады, қазандық пен пайдаланылған газдар шығарындыларының зиянын азайтады, болашақта жемістер мен жидектердің жақсы өнім беруі, ауыл тұрғындарына таралуы, дүкендердегі жемістер мен жидектердің бағасының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Бұл әлеуметтік жоба орта мерзімді уақытқа жоспарланып отыр, сондықтан болашақта ақшалай шығындарсыз іске асырылатын болады. Сөз болып отырған жобаның қауіптері тек ауа райы жағдайлары болуы мүмкін.

Бірақ бұл проблемаларды ағаштарды суарумен және қажетті тыңайтқыштар мен минералдарды қолдану арқылы шешуге болады.






«ЭКО-КВЕСТ «МЫ ЗА ЧИСТЫЙ ГОРОД»

Наверняка, вы слышали о квестах. Возможно даже принимали участие в подобных играх. А участвовали ли вы в экоквестах?

В городе Костанай есть проект «ЭКО-КВЕСТ «МЫ ЗА ЧИСТЫЙ ГОРОД», который может помочь приятно и полезно провести время. Целью проекта является вовлечение широкого круга жителей в деятельность по благоустройству городской среды. Подобные мероприятия вполне могут быть интересны как школьникам и студентам, так и работникам организаций и предприятий в качестве тимбилдинга. Также данный проект может стать связующим звеном между общественной и коммерческой средой при подготовке мероприятия.

Суть игры заключается в том, что нужно пройти определенный маршрут, собрать мусор, ответить на вопросы и загадки, собрать баллы и фишки. В конце определяются победители.

Риски заключаются в сборе команд. Поэтому необходимо привлекать, как и студентов, так и местные предприятия и сотрудников государственных служб.



«БІЗ ТАЗА ҚАЛА ҮШІН» ЭКО-КВЕСТІ

Сіз квесттер туралы естіген шығарсыз. Мүмкін осындай ойындарға да қатысқан шығарсыз. Ал сіз экоквесттерге қатысып көрдіңіз бе? **Костанай қаласында** уақытты пайдалы, әрі көңілді өткізуге ықпалын тигізетін «**БІЗ ТАЗА ҚАЛА ҮШІН» ЭКО-КВЕСТ**» жобасы әрекет етеді. Жобаның мақсаты қаланың қоршаған ортасын абаттандыру жөніндегі қызметке тұрғындардың кең ауқымын тарту болып табылады. Мұндай іс-шаралар мектеп оқушылары мен студенттері үшін де, ұйымдар мен кәсіпорындардың қызметкерлері үшін де тимбилдинг тұрғысында қызықты болуы мүмкін. Сондай-ақ, аталған жоба іс-шараға дайындалу кезінде қоғамдық және коммерциялық орта арасындағы байланыстырушы көпір бола алады.

Ойынның мәні - белгілі бір қашықтықтан өту кезінде қоқыс жинау, сұрақтарға жауап беру, жұмбақ шешу, ұпайлар мен фишкаларды жинау. Ал соңында жеңімпаздар анықталады.



Жобаның қаупі командаларды жинау болуы ықтимал. Сондықтан студенттерді де, жергілікті кәсіпорындар мен мемлекеттік қызмет қызметкерлерін де тарту қажет.



«ЭКО МЕДИА ЦЕНТР «NECO»

Одним из важнейших критериев любого проекта или деятельности является информационное сопровождение. Особенно, если речь идет об экологических инициативах. Проект **«ЭКО МЕДИА ЦЕНТР «NECO»** поможет информационно любой экологической активности. Снять и смонтировать видеоролик, записать подкаст, провести расследование, организовать патрулирование, завести блог. Дети и молодежь от 10 до 30 лет могут попробовать себя в роли настоящий специалистов, которые ведут информационные проекты в любом из типов медиажурналистики. В этом им помогут профессионалы из СМИ. И что самое главное, работа медиа-центра после окончания финансирования не закончится. Проект продолжит существование и будет открыт экомедиацентр на базе Реурсного центра НПО. Записи видеороликов, подкастов и другого будет продолжена. В будущем планируется формирование государственного социального заказа по проекту.


Рисками проекта является нехватка оборудования для профессиональной записи. Но это будет компенсироваться с помощью ресурсного центра НПО по **Костанайской области**.



«NECO» ЭКО МЕДИА ОРТАЛЫҒЫ

Кез келген жобаның немесе қызметтің маңызды өлшемшарттарының бірі ақпараттық сүйемелдеу болып табылады. Әсіресе, сөз экологиялық бастамаларға қатысты болған жағдайда. **«NECO» ЭКО МЕДИА орталығы** жобасы кез-келген экологиялық белсенділікке ақпараттық қолдау көрсетеді. Яғни, бейнеролик түсіріп, монтаждау, подкаст жазу, тергеп-тексеру жүргізу, патрульдеуді ұйымдастыру, блог ашу жұмыстарын жүргізуге көмектеседі. 10 жастан асқан балалар мен 30 жас аралығындағы жастар өздерін медиа журналистиканың кез келген түріндегі ақпараттық жобаларды жүргізетін нағыз мамандар рөлінде сынап көре алады. Бұған бұқаралық ақпарат құралдарының мамандары да көмекке келеді. Ең бастысы, қаржыландыру аяқталғаннан кейін медиа-орталықтың жұмысы өзінің қызметін тоқтатпайды. Жоба одан әрі өзінің жұмысын жалғастыра береді, ҮЕҰ ресурстық орталығының базасында экомедиа орталығы ашылады. Бейнелерді, подкасттарды және басқаларды жазу жалғасады. Алдағы уақытта жоба бойынша мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты қалыптастыру жоспарланып отыр.

Жобаның қауіптері кәсіби жазба жабдықтарының жетіспеушілігі болып табылады. Бірақ бұл **Қостанай облысы** бойынша ҮЕҰ ресурстық орталығының көмегімен өтеліп, шешімін табатын болады.





ЭКОМАРАФОН «ЭКО-ШАГИ МОЛОДЕЖИ ЖАНААРКИ»

Волонтеры – неотъемлемая часть любого проекта, особенно экологического. Но для того, чтобы волонтеры правильно понимали, чем они будут заниматься и как правильно помогать, необходимо проводить обучение. В этом как раз и поможет проект **«ЭКО –ШАГИ МОЛОДЕЖИ ЖАНААРКИ»**. Обучение будет проводиться в нетривиальном и активном формате: тренинги, челленджи, акции, флешмобы, дебаты, субботники. Все то, чем обычно любит заниматься молодежь.

Стоит отметить, что по окончании финансирования, районный акимат готов поддерживать проект в дальнейшем, в том числе и финансово.

Основным риском проекта является эпидемиологическая обстановка, которая может возникнуть. Так же, есть риск, что молодежь в возрасте от 18 до 29 лет не сможет активно принять участие, так как занята учебой и работой. Однако, формат мероприятия и правильная организация вполне может заинтересовать молодежь.

Амбассадор проекта Корпоративный Фонд «Фонд социальных проектов».

Проект реализуется при поддержке Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан и НАО «Центр поддержки гражданских инициатив».

«ЖАҢААРҚА ЖАСТАРЫНЫҢ ЭКО-ҚАДАМДАРЫ» ЭКОМАРАФОНЫ

Волонтерлер кез-келген жобаның, әсіресе экологиялық жобалардың ажырамас бөлігі болып табылады. Бірақ волонтерлердің немен айналысатынын және қалай дұрыс көмектесу керектігін жақсы түсінуі үшін арнайы оқытуды жүргізу қажет. Бұл ретте **«ЖАҢААРҚА ЖАСТАРЫНЫҢ ЭКО –ҚАДАМДАРЫ»** жобасы көмекке келеді. Оқыту тренингтер, челленджер, акциялар, флешмобтар, пікірталастар, сенбіліктер сияқты тривиалды емес, белсенді форматта өткізілетін болады. Жобаның осындай тұрғыда ұйымдастырылуы жастардың көңілінен шығады.

Ал қаржыландыру аяқталғаннан кейін аудан әкімдігі жобаны әрі қарай, оның ішінде қаржылық жағынан да қолдауға дайын екенін атап өткен жөн.

Жобаның басты қаупі елімізде туындауы мүмкін эпидемиологиялық ахуал болып табылады. Сондай-ақ, 18 бен 29 жас аралығындағы жастардың белсенді қатыса алмауы сияқты қауіп те бар, өйткені олар оқу оқиды, жұмыс істейді. Алайда, іс-шараның форматы, қолайлы ұйымдастырылуы жастарды қызықтыруы мүмкін.

